

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

TopIQ.kz электронды платформасы - заманауи мүмкіндіктер ресурсы

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.07.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/141217/>

Махамбетқызы Айару

Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы,

Егіндікөл жалпы орта білім беретін мектебінің 9-сынып оқушысы

жетекшісі Ахметова Нұргүл

Электрондық оқулықтардың алғашқы ұлттық платформасы TopIQ.kz «Алматыкітап баспасынан». TopIQ.kz платформасы оқушыларға, мұғалімдерге өте тиімді ұсыныстарды ұсынады. Яғни, оқушылардың біліміне әрі болашағына оң әсерін тигізеді.

TopIQ.kz дегеніміз не және оның қандай пайдасы бар? TopIQ бұл — электрондық оқулықтар қамтылған, түрлі ақпаратқа толы платформа. Осы платформаның арқасында көптеген артықшыларды аламыз. Мысалы:

- Уақыттың үнемделуі. Кез-келген жерде, кез-келген уақытта, осы платформа арқылы кітапты өзімізбен алмай ақ, электронды түрде оқи аламыз.
- Өзіңізге қалаған оқу қарқыныңызды таңдай аласыз. Яғни, қалай және қашан оқу керектігін өзіңіз шеше аласыз.
- Қолжетімділік. Кез келген оқу жылындағы материалды қолдана аласыз. Платформаға кіру арқылы қажетті оқулықтарды оқи аласыз.
- Денсаулықты сақтап қалу. Қазіргі кездегі ең зекті мәселе, омыртқаға ауырлықтың әсер етуі барысынан оқушылардың омыртқа қисаюына тап болуы. Оның алдын алуға болады. Платформа үнемі біздің ұялы телефонымызда, планшет, ноутбукымызда, сондықтан сөмкеміз жеңіл болып, болашақта ешқандай омыртқа мәселесіне тап болмаймыз!

Оқушыларға TopIQ.kz таптырмас мүмкіндіктер береді. Кішкентай сыныптан бастап оқушылар ауырып пен сөмкелер тасуға мәжбүр. Ал платформаның арқасында дәл

осындай оқулықтар тек электронды түрде болады. Оны тіпті демалысқашыққанда өзімізбен бірге алып жүру өте ыңғайлы әрі тиімді. Әрине, платформа тек білім алушыларға ғана үлкен мүмкіндік қана емес, мұғалімдерге де пайдасы зор. Мысалы :

- Кез-келген уақытта оқушыларына бас көз бола алады.
- Барлығы қол астында. Керек сабақты оқытуды әруақытта жүргізе алу. Ұстазға ыңғайлы кесте(график) құра алады.
- Электронды журналды тез әрі оңай жасай алу мүмкіндігі.
- Мұғалім жұмыс әдістерінің кеңеюі. Сыныбына бір батырма арқылы үй жұмысын бере алады, жасалған жұмысты бақылап оған баға берілуі.
- Сапалы оқыту жүйесі. Сапалы түрде оқушыларға білім беру !

TopIQ.kz жаңа әрі сапалы оқулықтар ұсынады. Тіпті 2-3 жыл бұрын оқылған кітабымыңызды алып, оқығыңыз келсе, платформада бұл қолжетімді. Платформадағы материалдар үнемі жаңарып, аудио және видеолар қосылып тұрады.

Сөмкелерді жеңілдетіп, оқу сапасын жоғарылыту үшін TopIQ.kz таптырмас мүмкіндік ! TopIQ.kz—еліміздегі білім беру сапасын арттыруға арналған қолжетімді, заманауи құрал, оны мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде де, оқушылардың ата-аналары жеке—дара, республиканың жеке мектептері мен педагогикалық колледждерінде депайдалана алады.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.